

## Көлік құралының паспортын (көлік құралы шассиінің паспортын) және өздігінен жүретін машина мен басқа да техника түрлерінің паспортын қорғау элементтеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 12 наурыздағы № 129 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 15 наурызда № 18394

"Жол жүрісі туралы" 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 15-1-бабының 5) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Көлік құралының паспортын (көлік құралы шассиінің паспортын) және өздігінен жүретін машина мен басқа да техника түрлерінің паспортын қорғау элементтеріне қойылатын талаптар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустріялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті заңнамада белгіленген тәртіpte:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрі

P. Скляр

Қазақстан Республикасы

Индустрія және

инфрақұрылымдық

даму министрінің

2019 жылғы 12 наурыздағы

№ 129 бүйрығымен

бекітілген

## **Көлік құралының паспортын (көлік құралы шассиінің паспортын) және өздігінен жүретін машина мен басқа да техника түрлерінің паспортын қорғау элементтеріне қойылатын талаптар**

1. Осы Көлік құралының паспортын (көлік құралы шассиінің паспортын) және өздігінен жүретін машинаның және техниканың басқа түрлерінің паспортын қорғау элементтеріне қойылатын талаптар "Жол жүрісі туралы" 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 15-1-бабының 5) тармақшасына сәйкес және "Өздігінен жүретін машинаның және басқа да техника түрлерінің паспорты туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 18 тамыздағы № 100 шешімін іске асыру үшін әзірленген.

2. Өздігінен жүретін машинаның және басқа да техника түрлері паспортының бланкілері қатаң есептілік құжаты болып табылады, олар Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) A4 форматтағы (210 x 297 мм) ақ қағазда, түзетуден немесе сұртіп кетіруден қорғауды қамтамасыз ететін бояуды пайдалана отырып, мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген бланкілердің қорғау дәрежесіне қойылатын талаптарға сәйкес баспахраналық тәсілмен дайындалады және кем дегенде 8 қорғау дәрежесі болады, соның ішінде:

1) айқын керегар түсті, сенімді түрде көзben шолып бақылануы қамтамасыз етілетін 2 түсті ашық-көлеңкелі су белгісі;

2) спектрдің көрінетін немесе өзге де салаларында бақыланатын талшықтың кем дегенде 2 түрі болады. Бұл ретте талшық түрінің бірін енгізуіндегі басқа түрлерімен – конфеттимен, полимерлік жіптермен, капсулданған люминоформен ауыстыруға жол беріледі. Ультракүлгін сәуленің әсерімен көрінетін көгілдір түсті люминесценциясы бар арнайы талшықтарды қолдануға жол берілмейді;

3) 2 түс аясындағы торды ауыспалы адымменжәне түрлі-түсті жіп тәрізді жаймалап салу;

4) қарпінің биіктігі оң орындауда 150 -200 мкм, ал кері орындауда – 200 - 250 мкм микрометін;

5) бояумен басылған, көрінетін спектрде көрінбейтін және сары-жасыл түсті ультракүлгін сәуленің әсерімен люминесценцияланатын элемент;

6) ксерокөшіруден қорғау элементі;

7) ыстықтайбедерлеу әдісімен салынған микрометіні бар голограмма;

8) бланк сериясынан, елдің 2 әріптік кодынан (ISO 3166-1 (alpha) анықтамалығына сәйкес) және бланктің реттік нөмірінен (2 бас әріп және 6 араб цифры) түратын баспахраналық нөмірі болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК